



**«ТехноЛизинг»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ
БЕСІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ**

Эмитенттің толық атауы: «ТехноЛизинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Эмитенттің қысқартылған атауы: «ТехноЛизинг» ЖШС

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеу инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтындығын растайды.

Эмитент мемлекеттік емес облигациялардың айналым кезеңінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпараттың ашылуын қамтамасыз етеді.

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 ж.

1-тарау. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес Эмитент туралы ақпарат:

1) Эмитенттің бастапқы мемлекеттік тіркелген күні: 2010 жылғы 09 тамыз.

Тіркеу органы: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Астана қаласының Әділет департаменті Есіл ауданының Әділет басқармасы;

2) Эмитенттің мемлекеттік қайта тіркелген күні (қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда): 2016 жылғы 27 шілде;

3) Эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (болған кезде) тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы:

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«ТехноЛизинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«ТехноЛизинг» ЖШС
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «ТехноЛизинг»	ТОО «ТехноЛизинг»
Ағылшын тілінде	TechnoLeasing Limited Liability Partnership	TechnoLeasing LLP

4) Эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық алдыңғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олар өзгертілген күндер көрсетіледі:

Эмитенттің атауы өзгерген жоқ;

5) Егер Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) Эмитентке қатысты құқық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі:

Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған жоқ;

6) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген (қайта тіркелген) күндері, орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары көрсетіледі:

Эмитенттің тіркелген филиалдары не өкілдіктері жоқ.

Қосымша ақпарат:

«ТехноЛизинг» ЖШС бас кеңсесі мынадай мекенжай бойынша орналасқан: Нұр-Сұлтан қаласы, 010000, Тұран даңғылы, 11, 1-КҮ, тел. +7 (717) 268 80 79.

«ТехноЛизинг» ЖШС-ның мына қалаларда Жеке еңбек шарты негізінде жұмыс істейтін өкілдері бар: Алматы қаласы, Қостанай қаласы, Павлодар қаласы, Петропавл қаласы, Қызылорда қаласы, Қарағанды қаласы, Өскемен қаласы.

«ТехноЛизинг» ЖШС бөлімшелерінің мекенжайлары:

- Алматы қаласы, 050000, Шевченко көшесі, 1656, Радостовец көшесінің қиылысы 72г, 612-кеңсе, тел. +7 (727) 323 61 70, +7 (727) 224 49 89;
- Қостанай қаласы, 110000, Қостанай, «Атриум» БО, Өл-Фараби көшесі 74, 311-кеңсе, 3-қабат, тел.: +7 (7142) 52-22-38, +7 (705) 460 22 46;
- Павлодар қаласы, 140000, Бұқар жырау көшесі, 109, 3-қабат, тел. +7 (718) 220 91 67;
- Петропавл қаласы, 150000, Бөкетов көшесі, 31А, «Әлем» БО, 3-қабат, тел. +7 (715) 252 11 11;
- Қызылорда қаласы, 120000, Журба көшесі 12, 308-кеңсе, тел. +7 (724) 270 79 68;

- Қарағанды қаласы, 100000, Московская көшесі, 4-үй, 33-кеңсе, тел.: +7 (701) 428 72 66;
- Өскемен қаласы, 070000, Сәтпаев даңғылы, 64, 605-кеңсе, тел. +7 (777) 829 89 90;
- 7) Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі: 100840004834;
- 8) ISO 17442 «Financial services – Legal Entity Identifier» халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (LEI) (болған кезде):
Жок.

2. Байланыс телефондарының, факс нөмірлерін және электрондық поштасының мекенжайын, сондай-ақ Эмитенттің іс жүзіндегі мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген Эмитенттің орналасқан жерінен өзгеше болған жағдайда іс жүзіндегі мекенжайын көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес Эмитенттің орналасқан жері:

«ТехноЛизинг» ЖШС-ның заңды және іс жүзіндегі мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 11-үй, 1-КҮ, пошталық индексі 010000,

Байланыс телефондарының нөмірлері +7 (717) 268 80 79, +7 (717) 268 82 67,

Факс нөмірі +7 (717) 262 22 68,

Электрондық поштасының мекенжайлары: info@tnl.kz,

Вебсайты: <https://tnl.kz>.

2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, олардың ақысын төлеу тәсілдері және олар бойынша кіріс алу туралы мәліметтер

3. Облигациялардың шығарылымы туралы мәліметтер:

- 1) Облигациялардың түрі:

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;

- 2) Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

1 000 (бір мың) теңге;

- 3) Облигациялардың саны:

2 000 000 (екі миллион) дана;

- 4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

2 000 000 000 (екі миллиард) теңге;

- 5) Облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есепке жазылған сыйақы бойынша төлем валютасы:

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге);

барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыштың сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) жүзеге асырады.

Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша барлық төлемдер облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банктік шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады.

3



Төлемді жүзеге асыру кезінде тенгені өзге валютаға (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Тенгені өзге валютаға (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының резиденті – облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде тенгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

4. Орналастырылатын облигациялардың ақысын төлеу тәсілі.

Осы шығарылым облигацияларының ақысын төлеу ақшамен қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізілетін болады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі нарықтық шарттармен, Эмитент сатып алушының ең болмағанда 1 (бір) өтінімін қанағаттандыратын мөлшерлеме ретінде айқындалатын болады. Облигациялар бойынша купондық сыйақының мөлшерлемесі Облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне тіркелген болып табылады.

2) Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу мерзімділігі және (немесе) сыйақыны төлеу күндері:

Сыйақыны төлеу айналыстың бірінші жылынан бастап жылына 4 (төрт) рет, облигациялар айналысының бірінші жылы басталған күннен бастап әрбір 3 (үш) ай сайын, облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақыны төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркеу күні») Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

3) Облигациялар бойынша сыйақыны есепке жазу басталатын күн:

Облигациялар бойынша сыйақыны есепке жазу облигациялардың айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есепке жазу облигациялар айналысының бүкіл кезеңі ішінде жүргізіледі және облигациялар айналысының соңғы күні аяқталады;

4) Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақыны алу тәсілі:

Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүргізіледі.

Әрбір купондық кезең үшін облигациялар бойынша сыйақыны алуға төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғалардың құқығы бар. Сыйақы купондық сыйақының номиналды құны мен тоқсандық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілердің саны

және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады;

- 5) **Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**
Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасының есебінен жүргізілетін болады.
6. **Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**
- 1) Ақша талаптарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары мен болжамды мерзімдері;
 - 2) Облигацияларды ұстаушыларға базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, арнайы қаржы компаниясының органдарына кредиторлардың өкілдерін енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат беру тәртібі;
 - 3) Арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі.

Қолданылмайды.

7. **Секьюритилендіру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**
- 1) Оригинатордың, кастодиан банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;
 - 2) Оригинатор қызметінің нысанасы, секьюритилендіру мәмілесіндегі құқықтары мен міндеттері;
 - 3) Талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;
 - 4) Бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;
 - 5) Секьюритилендіру мәмілесі бойынша көрсетілген қызметтердің ақысын төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы бөлінген активтерден осы шығыстарды шегеруге құқылы болатын шарттар;
 - 6) Оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің бар екендігі туралы мәліметтер;
 - 7) Секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдамасы;
 - 8) Талап ету құқықтарының біркелкілік өлшемшарттары;
 - 9) Облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі.

Қолданылмайды.

3-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысқа жіберу, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары

Діңгіз

Мерген

Алтын

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

1) Облигацияларды орналастыру басталатын күн:

Облигациялар айналысының басталу күні;

2) Облигацияларды орналастыру аяқталатын күн:

Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні;

3) Облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):

Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастырылатын болады.

9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:

1) Облигациялардың айналысы басталатын күн:

Облигациялардың айналысы басталатын күн – Қор биржасының шарттарына сәйкес алғашқы өткен сауда-саттықты өткізу күні.

Алғашқы сауда-саттықтың өткізілетін күні туралы хабар Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланатын болады;

2) Облигациялардың айналысы аяқталатын күн:

Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні;

3) Айналыс мерзімі:

Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 2 (екі) жыл;

4) Облигациялардың айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):

Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында айналысқа түсетін болады.

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

1) Облигациялар өтелетін күн:

Облигацияларды өтеу кезеңі басталатын күн – облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 2 (екі) жылдан кейін аяқталатын облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күн;

2) Облигацияларды өтеу тәсілі:

Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы.

Облигациялар бойынша негізгі борыштың сомасын өтеу соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып жүзеге асырылады. Төлем Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тіркеу күніне жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүргізіледі.

Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, төлем облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банктік шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек қана

Handwritten signatures and initials in blue ink.

АҚШ Доллары немесе Еуро) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының резиденті – облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді;

- 3) Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібінің сипаттамалары келтіріледі:

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда мыналар көрсетіледі:

- 1) Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:

Қатысушылардың жалпы жиналысының (жалғыз қатысушының) шешімі бойынша Эмитент өз облигацияларын олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алуға және сатуға құқылы.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы:

- Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасасу кезінде – мәміле жасалған күнге нарықтық құнын негізге ала отырып;
- Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасасу кезінде мәміле тараптарының келісімі бойынша айқындалады.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және оларды Эмитент қайтадан орналастыра алады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы өзге облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға алып келмеуге тиіс.

Орналастырылған (сатып алынғандарын шегергенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Қор биржасының ресми сайтында ашады;

- 2) Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:

Эмитентке қатысушылардың жалпы жиналысының (жалғыз қатысушының) облигацияларды сатып алу туралы шешімінің қабылданғаны туралы Эмитент барлық облигацияларды ұстаушыларға осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі қағидаларында, Қор биржасының ішкі қағидаларында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Эмитенттің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) хабар орналастыру арқылы хабарлайтын болады.

Облигацияларды ұстаушылардың кез келгенінің Эмитентке қатысушылардың жалпы жиналысының (жалғыз қатысушының) облигацияларды сатып алу туралы шешімі жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайы бойынша облигацияларды ұстаушыға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқығы бар.

Облигацияларды ұстаушының өтінішін Эмитентке қатысушылардың жалпы жиналысы (жалғыз қатысушы) өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қарайды.

Эмитент сатып алуды Эмитентке қатысушылардың жалпы жиналысының (жалғыз қатысушының) облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімі жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар бермеген облигациялар осы Проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналыс мерзімі өткен соң өтеледі.

4-тарау. Ковенанттар (шектеулер) олар болған кезде

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда мыналар көрсетіледі:

1) Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

12.1 Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент:

12.1.1. Кредиттік рейтингтің Fitch Ratings рейтинг агенттігінің шәкілі немесе Standard & Poors немесе Moody's басқа халықаралық рейтинг агенттіктері бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бойынша «B-»-тен төмен деңгейге дейін төмендеуіне жол бермеуге;

12.1.2. Кредиттік рейтингті кері қайтарып алуға немесе одан бас тартуға, сондай-ақ рейтингті жыл сайынғы жаңартудың және (немесе) растаудың болмауына жол бермеуге;

12.1.3. Ж.А. Ниязбекова ханымның Эмитенттің жарғылық капиталындағы тікелей иелену үлесін 75%-дан кем емес етіп сақтауға және Эмитентті бақылауды жоғалтпауға;

12.1.4. Барлық міндеттемелер сомасының меншікті капиталға арақатынасын 7,5-тен (жеті бүтін оннан бес) асырмай сақтауға;

12.1.5. Жылдық қаржылық есептілік аудитін мынадай компаниялардың бірі жүзеге асыруға тиіс – «КПМГ Аудит» ЖШС, «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС, «Делойт» ЖШС немесе «Эрнст энд Янг» ЖШС;

12.1.6. Эмитент пен Қор биржасы арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеуге;

12.1.7. Облигациялар эмитенті мен Қор биржасы арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Облигациялар эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге міндеттенеді;

2) Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің іс-қимыл тәртібі:

Осы Проспектіде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, Эмитенттің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) ақпаратты орналастыру арқылы осы бұзушылық туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Сатып алу туралы алғашқы жазбаша талапты алған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке қатысушылардың жалпы жиналысы (жалғыз қатысушы) қандай шаманың ең жоғары болып табылатынына қарай, жинақталған және/немесе есепке жазылған сыйақыны ескере отырып, осындай сатып алу күніне облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Эмитент қатысушылардың жалпы жиналысы (жалғыз қатысушы) облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) хабар орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушыларға облигацияларды алдағы сатып алу күні туралы ақпарат береді.

Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды облигацияларды ұстаушыдан облигацияларды сатып алу туралы алғашқы жазбаша талап алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Сатып алу облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүргізілетін болады.

Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны не өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген;

Өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар бермеген облигацияларды ұстаушылардың осы Проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналыс мерзімі өткен соң өздеріне тиесілі облигациялардың өтелуіне құқығы бар.

3) Ковенанттар бұзылған кезде облигацияларды ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:

Осы Проспектіде көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған және/немесе Эмитенттен осындай бұзушылық туралы ақпарат алынған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың кез келгенінің бұзушылық туралы ақпарат берілген күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитентке қандай шаманың ең жоғары болып табылатынына қарай, жинақталған және/немесе есепке жазылған сыйақыны ескере отырып, номиналды құнға сәйкес келетін баға бойынша немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы тиісті талапты ұсыну арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:

Заңды тұлға үшін:

- Облигацияларды ұстаушының атауы;
- Бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген орган;
- Заңды мекенжайы және іс жүзінде орналасқан жері;
- Телефондары;
- Банктік деректемелері;
- Сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

Жеке тұлға үшін:

- Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және болған кезде, әкесінің аты;
- Жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және оны берген орган;
- Тұрғылықты жері;
- Телефондары;
- Банктік деректемелері;
- Сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылардың осы Облигациялар шығарылымының проспектісінде көрсетілген осы шығарылымның айналыс мерзімі аяқталған соң өздеріне тиесілі облигациялардың өтелуіне құқығы бар.

5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды айырбастау шарттары, мерзімдері және тәртібі (айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)

13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) Облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) Облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталатын болса, облигациялар шығарылымының айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде күшінің жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастыруға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын болып табылады.

6-тарау. Осы мүліктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Облигациялар эмитентінің мүлкі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) Осы мүліктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;
- 2) Қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) Кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану тәртібі.

Осы облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілген болса) көрсете отырып, кепілдікті ұсынған банктің деректері.

Әмір

Мен

10
Мен

Қолданылмайды.

16. Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде – концессия шартының және мемлекет кепілгерлігін ұсыну туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының деректемелері.

Қолданылмайды.

7-тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

- 1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:

Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру;

- 2) Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде өзімен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі:

Қолданылмайды.

18. Ақысы Эмитент бұрын орналастырған (Эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақының сомасы қосымша көрсетіледі.

Қолданылмайды.

8-тарау. Құрылтайшылар немесе Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер

19. Құрылтайшылар немесе Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

- 1) Құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) (жеке тұлға үшін);

Эмитентке жалғыз қатысушы Жанар Амангелдіқызы Ниязбекова болып табылады, оған «ТехноЛизинг» ЖШС-дағы 100% үлес тиесілі;

- 2) Құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін);

Қолданылмайды;

11



- 3) Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы:
100%;
- 4) Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан көп пайызын иелене бастаған күн:
2010 жылғы 09 тамыз.

9-тарау. Эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

- 1) Директорлар кеңесі немесе байқау кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) (директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып);
- 2) Директорлар кеңесі немесе байқау кеңесі мүшелерінің сайланған күні және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер, хронологиялық тәртіппен;
- 3) Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі Эмитенттің дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы немесе Эмитенттің байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі Эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің пайыздық арақатынасы;
- 4) Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы директорлар кеңесі немесе байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Эмитенттің басқару органы жоқ.

21. Алқалы орган немесе Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам:

- 1) Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде):

Жанар Амангелдіқызы Ниязбекова Директор лауазымында Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асырады;

- 2) Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктері көрсетіле отырып, сайланған күні және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер, хронологиялық тәртіппен:

2010 жылғы 09 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін Жанар Амангелдіқызы Ниязбекова Директор лауазымында Қатысушылардың Жалпы жиналысының 2010 жылғы 09 тамыздағы №1 Хаттамасы негізінде Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асырады.

2016 жылғы 25 шілдеде Жанар Амангелдіқызы Ниязбекова Эмитентке Жалғыз Қатысушы бола отырып, Директордың өкілеттіктерін өзіне қалдырды.

Эмитенттің Жеке-дара атқарушы органының өкілеттіктері:

- Эмитенттің қызмет бағдарламаларына сәйкес оның жұмысына жедел басшылықты жүзеге асырады және Эмитенттің ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;
 - Эмитенттің жұмыскерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйелерін айқындайды, лауазымдық айлықақылар мен дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;
 - Бағдарламалар мен жоспарлардың жобаларын, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді бекітуге ұсынады;
 - Қатысушылардың Жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
 - Эмитенттің ұйымдық құрылымын, штатын, еңбекке ақы төлеу қорын, бюджетін бекітеді;
 - Эмитенттің ішкі қызметінің жедел мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды және бұйрықтар шығарады;
 - Қазақстан Республикасының аумағында да, оның шегінен тыс жерлерде де филиалдар құру және өкілдіктер ашу туралы шешім қабылдайды;
 - Өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Эмитенттің атынан өкілдік етеді;
 - Эмитенттің мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді;
 - Қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ Эмитентке Қатысушы өзіне берген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 3) Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамға немесе Эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысына тиесілі дауыс беретін акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы:
- 100%.

22. Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) Басқарушы ұйымның толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері;
- 2) Басқарушы ұйымның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не басқарушы ұйымның алқалы атқарушы органы мүшелерінің және директорлар кеңесі (байқау кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 3) Осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған адамдардың сайланған күні және олардың соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметтер, хронологиялық тәртіппен;
- 4) Осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған адамдарға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы;

- 5) Осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған адамдарға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің Эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға берілген жоқ.

10-тарау. Эмитенттің негізгі қызмет түрлерін көрсете отырып, Эмитенттің қаржылық-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

23. Эмитент қызметінің түрлері:

1) Негізгі қызмет түрі:

Қаржылық лизинг қызметтері;

2) Маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және Эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып, Эмитенттің қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Эмитенттің негізгі қызмет түрі ауыл шаруашылығы, жол-құрылыс, жүк техникасы, автобустар мен өндірістік жабдықтар лизингінің қызметтерін ұсыну болып табылады.

Лизингтік қызметке маусымдық сипат тән. Эмитент лизинг қызметтерін қаңтардан қазанға дейін белсенді түрде ұсынады, ал қараша мен желтоқсанда белсенділігі төмендейді.

Эмитенттің жалпы кірісіндегі осы қызмет түрінің үлесі – 100%.

3) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

«ТехноЛизинг» ЖШС Қазақстан нарығындағы ең ірі жекеменшік лизингтік компаниялардың бірі болып табылады.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Халық Лизинг» Қазақстан халық банкінің еншілес ұйымы» АҚ, «Қазақстандық Иджара Компаниясы» АҚ, «Аль Сакр Финанс» АҚ, «Лизинг Групп» АҚ және «Нұрбанк» АҚ-ның «Нұр Лизинг» лизингтік компаниясы ЕҰ» ЖШС компанияның негізгі бәсекелестері болып табылады;

4) Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сатылымның (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар:

Эмитент негізгі қызмет түрлері бойынша сатылымның (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кірістілігіне теріс әсер ететін факторлар:

- Ұлттық валюта бағамының ауытқулары. Ұлттық валютаның бағамы төмендеген кезде лизинг нысаналарының құны артады әрі лизинг алушыларға техника үшін бастапқы жарнаны көбірек мөлшерде енгізу керек және бұл, өз кезегінде, Эмитенттің көрсетілетін қызметтерінің көлемдеріне теріс әсер етеді;
- Негізгі құралдардың (өздігінен түсіргіштер, комбайндар, бүріккіштер) импортына ҚҚС-тың енгізілуі. Бұрын техника мен жабдықтың кең тізбесінің импортына ҚҚС-ты төлеу бойынша жеңілдік қолданылған болатын, содан кейін аталған тізбе қысқартылды.

Эмитент негізгі қызмет түрлері бойынша сатылымның (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кірістілігіне оң әсер ететін факторлар:

- Ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді қаржыландырудың болуы;
- Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, сондай-ақ инвестициялық салымдар кезінде шығыстардың бір бөлігін субсидиялау бөлігінде мемлекеттік даму

бағдарламаларының қолданылуы: лизинг алушылар кейіннен мемлекеттен субсидия ала алатын техниканы лизингке ынталана сатып алады;

- Инфрақұрылымдық даму және жолдарды салу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар (ИИДМБ және «Нұрлы Жол» бағдарламалары).

5) Эмитентте бар лицензиялар (патенттер) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде Эмитент демеушілік жасайтын зерттеу әзірлемелеріне арналған шығындар туралы ақпарат:

Эмитент жүзеге асыратын қызмет түрі (қаржылық лизинг) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лицензиялауға жатпайды.

6) Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі және Эмитент экспортқа өткізетін (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өткізілетін өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі:

Өзінің негізгі қызметі шеңберінде Эмитент қаржылық лизингке одан әрі беру мақсатында техника мен көлік құралдарын импорттайды.

2021 жылғы 1 қаңтар – 2021 жылғы 30 маусым аралығындағы кезеңде Эмитентке жеткізілген (көрсетілген) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлеміндегі импорттың үлесі бухгалтерлік есепке алу деректеріне сәйкес 48,4%-ды құрайды.

Контрагент	Валюта сы	Сомасы жоспар	KZT	USD	EUR	Жиыны KZT
Almaty Brands ЖШС	KZT	223 873 132	223 873 132			223 873 132
ANB MACHINERY ЖШС	KZT	78 066 000	78 066 000			78 066 000
Autodom Machinery ЖШС	KZT	54 255 600	54 255 600			54 255 600
Baikonur Machinery Sales ЖШС	KZT	887 424 593	887 424 593			887 424 593
BHK Agro AG	USD	244 900		244 900		104 765 771
CT Agro GmbH	EUR	1 983 195			1 983 195	1 010 180 037
CT Agro GmbH	USD	398 800		398 800		170 602 652
EurAsia Global Finance ЖШС	KZT	15 608 700	15 608 700			15 608 700
EURASIA GROUP AG	USD	1 070 000		1 070 000		457 735 300
HYUNDAI КОММЕРЦИЯЛЫ ҚОРТАЛЫҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЖШС	KZT	120 263 000	120 263 000			120 263 000
Kazrost Engineering Ltd ЖК	KZT	218 563 750	218 563 750			218 563 750
Sevalo Engineering Machinery Kazakhstan ЖШС	KZT	53 013 000	53 013 000			53 013 000
SEYHUN EV ALETLERI DIS TICARET LIMITED SIRKETI	USD	785 000		785 000		335 815 150
SHEN YANG BAOQUAN BUSINESS CO., LTD	USD	1 292 570		1 292 570		552 948 520
SON-MAK Central	KZT	120 921 304	120 921 304			120 921 304

Asia (СОН-МАК Централ Азия) ЖШС						
Techsystems Kft.	USD	1 532 000		1 532 000		655 374 280
VZDUCHOTORG, spol. s r.o. («ВЗДУХОТОРГ» ЖШК)	EUR	149 000			149 000	75 896 130
YZ TRADE COMPANY ЖШС	KZT	490 488 000	490 488 000			490 488 000
Астана Агропартнер ЖШС	KZT	105 304 000	105 304 000			105 304 000
Борусан Макина Қазақстан ШК ЖШС	KZT	80 955 500	80 955 500			80 955 500
Вольво Восток АҚ (Н)	EUR	151 800			151 800	77 322 366
Қазақстандық Агро Инновациялық Корпорация ЖШС	KZT	409 290 000	409 290 000			409 290 000
КВЦ-АВТО ЖШС	KZT	124 316 975	124 316 975			124 316 975
КОМЕК МАШИНЕРИ Қазақстан ЖШС	KZT	146 709 500	146 709 500			146 709 500
Композит Групп Қазақстан ЖШС	KZT	14 850 000	14 850 000			14 850 000
МИНМЕТАЛС ҚАЗАҚСТАН ЖШС	KZT	190 589 230	190 589 230			190 589 230
СиноТехМаш ЖШС	KZT	12 650 000	12 650 000			12 650 000
СТ Эсэмбли ЖШС	KZT	278 531 936	278 531 936			278 531 936
Стройдормаш- Астана ЖШС	KZT	27 500 000	27 500 000			27 500 000
Беларусь Тракторы Сауда Үйі ЖШС	KZT	8 300 000	8 300 000			8 300 000
Жпыны			3 661 474 220	5 323 270	2 283 995	7 102 114 426

* Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2021 жылғы 30 маусымға ресми бағамы бойынша EUR/KZT – 509,37; USD/KZT – 427,79.

Эмитент қаржылық лизинг қызметтерін Қазақстан Республикасының резиденттеріне ғана ұсынады. Өткізілетін қызметтерде экспорт жоқ.

- 7) Эмитенттің қатысуымен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, оның қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекеліне байланысты сот процестеріне Эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:

Эмитент ұсыну күніндегі жағдай бойынша Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекеліне байланысты сот процестеріне қатысқан жоқ.

- 8) Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа да тәуекел факторлары:

Осы Проспектінің 11-бөлімінің 34-тармағында ашылған.

24. Тауар айналымының (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) көлемі ол өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) тұтынушылар мен берушілер туралы мәліметтер.

Ұсыну күніндегі жағдай бойынша Эмитенттің тауар айналымының (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) көлемі ол өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылары жоқ.

Тауар айналымының көлемі өзі 01.01.2021 ж. – 30.06.2021 ж. аралығындағы кезеңде тұтынатын тауарлардың жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитенттің тауарларын берушілер туралы мәліметтер:

№	Өнім берушінің атауы	Сомасы, мың теңге*
1.	СТ Agro GmbH (14%)	1 010 180
2	Baikonur Machinery Sales ЖШС (12%)	887 425

* Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2021 жылғы 30 маусымға ресми бағамы бойынша EUR/KZT – 509,37; USD/KZT – 427,79.

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитенттің активтері.

30.06.2021 жылғы жағдай бойынша

Атауы	Баланстық құны, мың теңге
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	19 569 770
Банктік шоттар мен депозиттер	4 479 365

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешек:

- 1) Эмитент алдындағы берешегі Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитент дебиторларының атауы;
- 2) Тиісті өтелуге тиіс сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күні көрсетіліп, жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі) және оны өтеу мерзімдері;

Эмитенттің 30.06.2021 жылғы жағдай бойынша Эмитенттің алдындағы берешегі Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын дебиторлары жоқ.

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитенттің кредиторлық берешегі:

- 1) Эмитент кредиторларының атауы;
- 2) Тиісті өтелуге тиіс сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күні көрсетіліп, жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі) және оны өтеу мерзімдері.



Кезең	Тиісті өтелуге тиіс сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күні көрсетіліп, жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі) және оны өтеу мерзімдері (мың теңге)*						Жиыны мың теңге
	«Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ		«Еуразиялық банк» АҚ		Облигациялар		
	Күні	Өтелуге тиіс сома (НБ және %)	Күні	Өтелуге тиіс сома (НБ және %)	Күні	Өтелуге тиіс сома (НБ және %)	
2021 жылғы 3-тоқсан	-		140 136, оның ішінде:		123 750, оның ішінде:		263 886
			15.07.2021 ж.	37 214	09.07.2021 ж.	82 500	
			15.08.2021 ж.	39 403	23.07.2021 ж.	41 250	
			15.09.2021 ж.	63 519			
2021 жылғы 4-тоқсан	2 550 472, оның ішінде:		211 860, оның ішінде:		805 000, оның ішінде:		3 567 332
	14.12.2021 ж.	5320	15.10.2021 ж.	73 064	06.10.2021 ж.	623 750	
	20.12.2021 ж.	2 499 679	15.11.2021 ж.	79 677	21.10.2021 ж.	41 250	
	31.12.2021 ж.	45 473	15.12.2021 ж.	59 119	26.11.2021 ж.	140 000	
2022	2 257 133, оның ішінде:		950 866, оның ішінде:		775 000, оның ішінде:		3 982 999
	01.03.2022 ж.	35 097	15.01.2022 ж.	74 823	06.01.2022 ж.	82 500	
	29.04.2022 ж.	8 422	15.02.2022 ж.	50 675	21.01.2022 ж.	41 250	
	01.07.2022 ж.	4 964	15.03.2022 ж.	88 341	06.04.2022 ж.	82 500	
	01.08.2022 ж.	2 473	15.04.2022 ж.	174 569	21.04.2022 ж.	41 250	
	15.12.2022 ж.	3 423	15.05.2022 ж.	33 276	26.05.2022 ж.	140 000	
	20.12.2022 ж.	2 202 754	15.06.2022 ж.	206 228	06.07.2022 ж.	82 500	
			15.07.2022 ж.	47 805	21.07.2022 ж.	41 250	
			15.08.2022 ж.	31 622	06.10.2022 ж.	82 500	
			15.09.2022 ж.	55 417	21.10.2022 ж.	41 250	
			15.10.2022 ж.	65 223	26.11.2022 ж.	140 000	
			15.11.2022 ж.	71 609			
			15.12.2022 ж.	51 278			
2023	1 853 233,		855 582, оның ішінде:		2 775 000, оның		5 483 815

			15.04.2025 ж.	150 298	21.04.2025 ж.	1 041 250	
			15.05.2025 ж.	9 754			
			15.06.2025 ж.	182 139			
			15.07.2025 ж.	24 208			
			15.08.2025 ж.	7 315			
			15.09.2025 ж.	31 110			
			15.10.2025 ж.	481 448			
Жиыны		7 332 392		3 948 832		8 221 250	19 502 474

*Өтелуге тиіс сомалар 01.01.2021 ж. – 30.06.2021 ж. аралығындағы кезеңде жүргізілген қарыздарды ішінара мерзімінен бұрын өтеуді ескере отырып көрсетілген.

28. Эмитент левереджінің шамасы:

Эмитент левереджінің шамасы аяқталған соңғы екі қаржы жылының әрқайсысының соңғы күніне жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не егер Эмитенттің қаржылық есептілігі облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғыдан бұрынғы тоқсанның қорытындылары бойынша ұсынылса – облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғыдан бұрынғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі:

Эмитенттің қаржылық есептілігінің деректеріне сәйкес левередж шамасы мыналарды құрайды:

- 2018 жылғы 31 желтоқсанға – 4,59;
- 2019 жылғы 31 желтоқсанға – 3,36;
- 2020 жылғы 31 желтоқсанға – 3,39;
- 2021 жылғы 30 маусымға – 4,98.

29. Аудиторлық есеппен расталған Эмитенттің қаржылық есептілігі негізінде есептелген, соңғы аяқталған екі қаржы жылы үшін оның қызметінен алынған таза ақша ағындары.

Кезең	Сомасы, мың теңге
2019	(921 620)
2020	23 676

30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін Эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары (облигациялардың өтелген және күші жойылған шығарылымдарын қоспағанда) туралы мәліметтер:

31. Әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, түрі және номиналды құны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір

шығарылымы бойынша есепке жазылған және төленген сыйақының сомасы, оларды сатып алу күні көрсетіле отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны;

№	Сипаттамасы	1-облигациялар шығарылымы	2-облигациялар шығарылымы	3-облигациялар шығарылымы	4-облигациялар шығарылымы
1	Бағалы қағаздың түрі	Мемлекеттік емес облигациялар	Мемлекеттік емес облигациялар	Мемлекеттік емес облигациялар	Мемлекеттік емес облигациялар
2	ISIN	KZ2P00006299	KZ2P00006976	KZ2P00007354	KZ2P00007362
3	Номиналды құны, теңге	1 000	1 000	1 000	1 000
4	Жарияланған бағалы қағаздардың жалпы саны, дана	2 000 000	500 000	2 000 000	1 000 000
5	Орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы саны, дана	2 000 000	500 000	2 000 000	1 000 000
6	Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі, теңге	2 000 000 000	500 000 000	2 000 000 000	1 000 000 000
7	Мемлекеттік тіркеу күні	2019 жылғы 04 қазан	2020 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 24 ақпан	2021 жылғы 24 ақпан
8	Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, теңге	1 912 720 746,44	500 000 000	1 976 647 085	993 958 608,27
9	31.12.2020 жылға есепке жазылған сыйақының сомасы, теңге	27 222 222,22	19 479 166,67	0,00 (орналастырылған жоқ)	0,00 (орналастырылған жоқ)
10	31.12.2020 жылға төленген сыйақының сомасы, теңге	270 636 100,00	0,00 (төлем күні басталған жоқ)	0,00 (төлем күні басталған жоқ)	0,00 (төлем күні басталған жоқ)
11	30.06.2021 жылға есепке жазылған сыйақының сомасы, теңге	27 222 222,22	19 479 166,67	77 916 666,67	32 083 333,33
12	30.06.2021 жылға төленген сыйақының сомасы, теңге	410 636 100,00	41 250 000,00	0,00 (төлем күні басталған жоқ)	0,00 (төлем күні басталған жоқ)
13	Сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны, дана	Облигациялар сатып алынған жоқ.	Облигациялар сатып алынған жоқ.	Облигациялар сатып алынған жоқ.	Облигациялар сатып алынған жоқ.

Орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін өткізіп алу мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері

Handwritten signatures and initials in blue ink.

туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеудегі кідіріс), бағалы қағаздар бойынша есепке жазылған, бірақ төленбеген сыйақының сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке);

Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не олардың айналысы тоқтатыла тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негізі мен күні көрсетіледі;

Қандай да бір бағалы қағаздардың шығарылымын тоқтата тұру (қайта бастау) фактілері жоқ.

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, Эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар:

Барлық шығарылымдар ұйымдастырылған нарықта айналыста болады.
«Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда-саттықты ұйымдастырушы болып табылады.

Ұстаушыларына айналыстағы бұрын шығарылған облигациялардың әрбір түрі ұсынатын құқықтар, оның ішінде шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде өткізілген және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетіле отырып, ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.

- Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде тіркелген сыйақыны алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Проспектіде белгіленген жағдайларда облигациялардың бәрін немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және Қор биржасының талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару және оларға өзге түрде билік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

11-тарау. Эмитент туралы және ол орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздар туралы қосымша мәліметтер

Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

Эмитенттен облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүлктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнының ол бойынша

тіркелген пайызын не облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы:

- Осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- Осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде тіркелген сыйақыны алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Осы Проспектіде белгіленген жағдайларда облигациялардың бәрін немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және Қор биржасының талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару және оларға өзге түрде билік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар;

2) Осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы:

- Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында көзделген шарттар бұзылған жағдайда Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды жинақталған және/немесе есепке жазылған сыйақыны ескере отырып, осындай сатып алу күніне облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша жүргізуге тиіс;
- Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Эмитент орналастырылған облигацияларды қандай шаманың ең жоғары болып табылатынына қарай, жинақталған және/немесе есепке жазылған сыйақыны ескере отырып, осындай сатып алу күніне облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуға міндетті;
- Эмитент облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда орналастырылған облигацияларды сатып алу осы Проспектінің 12-тармағында сипатталған;
- Басталған кезінде дефолт жариялануы мүмкін, осы Проспектінің 32-тармағында көрсетілген оқиға/-лар жағдайында Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды қандай шаманың ең жоғары болып табылатынына қарай, жинақталған және/немесе есепке жазылған сыйақыны ескере отырып, осындай сатып алу күніне облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша жүзеге асыруға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қор биржасының ішкі құжаттарында көзделген мерзімдер ішінде, ал мұндай мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қор биржасының ішкі құжаттарында болмаған кезде – осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент мыналарды:

23

Handwritten signatures and initials

- 1) Эмитенттің облигацияларын сатып алуға алып келетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпаратты;
- 2) Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын санамалауды;
- 3) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты қоса алғанда, облигацияларды ұстаушыларға осындай факт туралы Эмитенттің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) хабар орналастыру арқылы ақпарат береді.

Эмитент осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірінің туындағаны туралы хабардар еткен күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың кез келгенінің Эмитентке тиісті талапты ұсыну арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент алғашқы жазбаша талап алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кеш болмауға тиіс сатып алу күнін айқындайды және Эмитентке қатысушылардың жалпы жиналысы (жалғыз қатысушы) шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушыларға облигацияларды алдағы сатып алу күні туралы өзінің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), сондай-ақ Қор биржасы мен Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайттарында хабар орналастыру арқылы ақпарат береді.

- 3) **Өзге де құқықтар:**
Жоқ.

33. Басталған кезінде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы болатын оқиғалар туралы мәліметтер:

1) Басталған кезінде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы болатын оқиғалар тізбесі:

- Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау;
- Негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы проспектіде белгіленген мерзімдерде облигациялар бойынша негізгі борыштың сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау басталған кезінде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») болып табылады;
- Эмитенттің осы Проспектіде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруын мүмкін етпейтін Эмитенттің облигацияларды ұстаушының банктік шотының анық емес не толық емес деректемелерін алуының не заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Тіркеушінің Эмитентке облигацияларды ұстаушылардың тізілімін ұсынбауының нәтижесі болса, дефолт болып табылмайды;
- Эмитент осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер осы орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болса, жауаптылықтан босатылады;

- Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп олардың басталуын күнібұрын болжау немесе болғызбау мүмкін болмаған мән-жайлар түсініледі (табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.с.с.);
- Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне мөлшерлес кейінге шегеріледі;
- Эмитенттің кінәсінан купондық сыйақы және/немесе негізгі борыш осы Проспектіде көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушыларға ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін, мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін өсімпұл төлейді;

2) Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент қолданатын шаралар:

Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау және дефолтты туындатқан себептерді жою үшін барлық мүмкін болатын және қажетті шараларды қолданатын болады. Эмитент дефолттан қолайлы шығу жолын айқындау мақсатында облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлемдері мен орындау мерзімдерін көрсете отырып, облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді;

3) Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарының санамалануы, облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ынтымақты немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзінің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының қағидаларында белгіленген тәртіппен Қор биржасының ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz), Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарды орналастыру арқылы осы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабарында мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

- Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептердің егжей-тегжейлі сипаттамасы;
- Орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;

- Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талапмен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын санамалау;
- Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептерді жою үшін Эмитент қолданған немесе қолданатын шаралар;
- Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілетін күн;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат;
- Көрсетілген ақпаратты ашуды өзге заңды тұлғаға тапсыру көзделмеген.

4) Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ынтымақты немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелген күні (осындай тұлғалар болған кезде):

Қолданылмайды.

34. Облигацияларды өтеу кезіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыштың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы. Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы Проспектіге №1 қосымшада ұсынылған.

35. Эмитент орналастыратын облигацияларды сатып алуға байланысты тәуекелдер:

Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді бағалау, басқару, мониторингтеу және бақылау процесін білдіреді, лизингтік қызметтің негізінде жатыр, корпоративтік басқарудың ажырамас бөлігі және операциялық қызметтің елеулі элементі болып табылады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты оларды кірістіліктің жоспарланатын деңгейі кезінде барынша азайту, Эмитент үшін қолайлы тәуекел деңгейлерін қамтамасыз ету, ықтимал сипаттағы ішкі және сыртқы факторлардың Эмитентке әсер етуіне байланысты ықтимал залалдарды шектеу болып табылады.

1) *Салалық тәуекелдер – Эмитенттің саласындағы жағдайдың ықтимал нашарлауының оның қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына тигізетін әсері сипатталады. Эмитенттің пікірінше, саладағы неғұрлым маңызды ықтимал өзгерістер келтіріледі (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке-жеке).*

Эмитенттің өз қызметінде пайдаланатын шикізатқа, көрсетілетін қызметтерге бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке-жеке) және олардың Эмитенттің қызметі мен оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына тигізетін әсері жеке-жеке сипатталады.

Эмитенттің өніміне және (немесе) көрсетілетін қызметтеріне бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке-жеке) және олардың Эмитенттің қызметі мен оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына тигізетін әсері жеке-жеке сипатталады;

Салалық тәуекелдер

Лизинг қызметтерінің нарығы, негізінен, экономикалық объектілердің негізгі капиталға салымдарды жүзеге асыру, өндірісті жаңғырту және кеңейту қажеттілігі

Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.

мен мүмкіндіктерінің болуына тәуелді болады. Қазақстан экономикасының өсу қарқындары бәсеңдеген немесе мемлекеттік субсидиялау бағдарламалары қысқарған жағдайда лизинг нарығы да, өз кезегінде, түзетуге ұшырауы мүмкін.

Қазақстанның лизинг нарығы оның едәуір бөлігін алатын және ірі кәсіпорындарға да, шағын және орта бизнес субъектілеріне де лизинг қызметтерін ұсынатын екі ірі ойыншының болуымен сипатталады. Эмитент өз қызметінде ірі жобаларға қатысуды қарастырмайды және экономиканың неғұрлым саны көп секторы – шағын және орта бизнеске бағдарланған. Басқа ойыншылардың болуы нарықтағы қатысу мөлшерін шектейді. Лизинг Эмитенттің негізгі қызметі болғандықтан, лизинг нарығына тән салалық тәуекелдер Эмитенттің қаржылық жағдайына елеулі әсер етеді.

- 2) *Қаржылық тәуекелдер – Эмитенттің қаржылық жай-күйінің пайыздық мөлшерлемелердің, шетелдік валюталардың айырбастау бағамының, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарына нарықтық бағалардың қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырауы сипатталады.*

Эмитенттің қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігі нәтижесінде (оның ішінде Эмитенттің бір немесе бірнеше контрагентінің қаржылық міндеттемелерді уақтылы орындамауы салдарынан) туындайтын, Эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі және (немесе) Эмитенттің өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде орындауының болжанбаған қажеттілігінің туындауы салдарынан Эмитентте залалдардың туындауына байланысты тәуекелдер жеке-жеке сипатталады.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсылары қаржылық тәуекелдердің ықпалы нәтижесінде өзгеріске неғұрлым көбірек ұшырайтыны, олардың туындау ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты көрсетіледі:

Туындау сипатына сәйкес қаржылық тәуекелдер мыналарға бөлінеді:

- 1) Кредиттік тәуекел;
- 2) Өтімділікті жоғалту тәуекелі;
- 3) Валюталық тәуекел;
- 4) Пайыздық тәуекел;
- 5) Баға тәуекелі.

Кредиттік тәуекел

Эмитент лизингтік мәмілелер жасасу нәтижесінде туындайтын кредиттік тәуекелге ұшырайды. Оны барынша азайту мақсатында лизинг алушының жоба өмірінің барлық сатыларында кредиттік тәуекелге ұшырауын бағалауға мүмкіндік беретін рәсімдер әзірленген және қолданылады. Аталған рәсімдерге лизинг алушының кредиттік тарихын тексеру, оның қаржылық жай-күйін талдау, қасалық алшақтықтарды анықтау үшін жоба бойынша ақша ағындарын болжау, сондай-ақ лизинг алушының іскерлік беделін тексеру жатады. Эмитент кредиттік тәуекелдерді тиімді басқаруды жүзеге асыра алмаған жағдайда бұл факт Эмитенттің бизнесіне, қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін.

Өтімділікті жоғалту тәуекелі

Ақша қаражатының түсімі мен жылыстауының келісілмеуі, сондай-ақ лизинг алушылардың активтерді сату арқылы өтелуі мүмкін болмайтын өз міндеттемелерін

орындамауы Эмитенттің өтімділікті жоғалту тәуекеліне ұшырауын арттырады. Жеткілікті өтімділікті ұстап тұру мақсатында лизинг шарттарының талаптары міндетті түрде өтеу мерзімдерінің міндеттемелерді орындау мерзімдеріне сәйкестігі тұрғысынан тексеріледі, сондай-ақ лизингтік төлемдердің түсуіне күнделікті мониторинг жүргізіледі. Қолданыстағы лизингтік портфель бойынша жоспарланатын түсімдер қазіргі кезде бар барлық міндеттемелерді мерзімінде толық орындауға мүмкіндік береді. Эмитент өтімділік тәуекелінің қаржылық жағдайға әсерін қалыпты деп бағалайды.

Валюталық тәуекел

Лизингтік жобалар шеңберінде импортталатын лизинг нысаналарының айтарлықтай бөлігі бейрезиденттерден шетелдік валютаға сатып алынады. Теңге бағамының шетелдік валюталарға қатысты едәуір әлсіреуі Эмитенттің көрсетілетін қызметтерін пайдалануға және тұтастай алғанда, лизинг нарығындағы сатып алу қабілетіне жағымсыз әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, Эмитент ақша қаражаты шетелдік валютада тартылған жағдайда валюталық тәуекелге ұшырайды. Бұл тәуекел лизинг шарттарында лизингтік төлемдерді шетелдік валютаның бағамына индекстееуді қолдану арқылы хеджирленеді. Соңғы жылдары байқалып отырған теңге бағамының едәуір ауытқулары мен жоғары девальвациялық болжалдар Эмитент клиенттерінің индекстеусіз, теңгедегі шарттарға басымдық беруіне алып келді. Эмитенттің шетелдік валюталардағы ағымдағы міндеттемелері болмашы үлесті иеленеді. Шетелдік валютадағы соңғы қарыз 2016 жылы тартылған болатын және 2019 жылы Эмитент шетелдік валюталардағы қарыздар бойынша міндеттемелерін толық орындады. Валюталық тәуекел болмашы деп бағаланады.

Пайыздық тәуекел

Эмитенттің пайдасы мен операциялық ақша ағындары, көбінесе, лизинг шарттары бойынша пайыздық мөлшерлемелерге, сондай-ақ қарыз қаражатын тарту құнына әсер ететін нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістеріне байланысты болады. Қарыз алу нарығындағы пайыздық мөлшерлемелердің артуы Эмитенттің даму перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін. Құбылмалы мөлшерлеменен ақша қаражаты тартылған жағдайда Эмитенттің саясатына сәйкес лизинг шарты осыған ұқсас құбылмалы құрамдас бөлікпен жасалатын болады. Қазіргі уақытта Эмитентте құбылмалы мөлшерлеменен тартылған немесе орналастырылған қаражат жоқ, пайыздық тәуекелдің әсері болмашы деп бағаланады.

Баға тәуекелі

Баға тәуекелі деп бағалы қағаздар портфелі құнының өзгеруі салдарынан ысыраптардың туындау тәуекелі түсініледі. Нұқсан тәуекелі қор нарықтарындағы бағалар өзгерген жағдайда туындайды. Қазіргі уақытта Эмитенттің бағалы қағаздар портфелі жоқ. Оларға инвестициялау туралы шешім қабылданған жағдайда баға тәуекелін басқару жекелеген құралдар бойынша портфельдің шамасына қатысты лимиттерді, ысыраптардың лимиттерін белгілеу, олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылатын болады. Эмитент бұл тәуекелді болмашы деп бағалайды.

3) Құқықтық тәуекел – Эмитентте мыналардың:

Қазақстан Республикасының валюталық, салық, кеден заңнамасы өзгерістерінің; Эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау жөніндегі талаптардың; Эмитенттің Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауының;

қызметті жүзеге асыру кезінде жол берілетін құқықтық қателердің (қате заң консультацияларын алу немесе құжаттарды қате жасау, оның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде) салдарынан залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:

Құқықтық тәуекел

Эмитенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы не Эмитент практикасының оның ішкі құжаттарына сәйкес келмеуі, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қарым-қатынастарда басқа мемлекеттердің заңнамасы талаптарының бұзылуы құқықтық тәуекелдің артуына алып келеді, бұл шығыстардың (залалдардың) туындауына алып келуі және Эмитенттің қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Эмитент өз қызметінде Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына, ішкі құжаттарға толық сәйкестікте қызметті жүзеге асыру үшін барлық шараларды қолданады және осы тәуекелді қалыпты деп бағалайды.

- 4) *Іскерлік беделді жоғалту тәуекелі (бедел тәуекелі) – Эмитенттің қаржылық орнықтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнімінің (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) сапасы немесе тұтастай алғанда, оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде Эмитентте залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

Бедел тәуекелі

Эмитент БАҚ-та немесе басқа да дереккөздерде жағымсыз жарияланымдардың негізінде беделіне елеулі нұқсан келу тәуекеліне ұшырайды. Эмитент бизнесті жүргізудің жоғары әдеп нормаларына батыл түрде бейіл екенін көрсетеді. Алайда, Эмитенттің немесе тұтастай алғанда, саланың корпоративтік мінез-құлқын қате немесе қисынсыз зиянды қабылдау Эмитенттің бизнесіне, қаржылық жағдайына, қызметінің нәтижелері мен даму перспективаларына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

- 5) *Стратегиялық тәуекел – Эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдер қабылдау кезінде жіберілген және Эмитенттің қызметіне қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді есепке алмаудан немесе жеткілікті түрде есепке алмаудан, Эмитент бәсекелестеріне қарағанда артықшылыққа қол жеткізуі мүмкін қызметтің перспективалы бағыттарын дұрыс немесе жеткілікті түрде негізді айқындамаудан, Эмитент қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық, адами) және ұйымдастырушылық шаралардың (басқарушылық шешімдердің) болмауынан немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуінен көрініс табатын қателер (кемшіліктер) нәтижесінде Эмитентте залалдардың туындау тәуекелі сипатталады;*

Экономикалық тәуекел

Экономикалық жағдайлардың өзгеруі нарыққа қатты әсер етуі мүмкін. Өңірлік немесе әлемдік экономикалық құлдыраудың кез келген кезеңі Эмитенттің көрсетілетін қызметтеріне сұраныстың төмендеуіне және әлеуетті клиенттер базасының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Тұтынушылардың шынайы сатып алу қабілетінің төмендеуі, өз кезегінде, Эмитенттің нарықтың өсу импульсі мен өзінің нарықтағы үлесін жоғалтып алуына алып келуі мүмкін және осылайша, Эмитенттің

бизнесіне, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне айтарлықтай жағымсыз әсер етеді.

- 6) *Эмитенттің қызметіне байланысты тәуекелдер – тек қана Эмитенттің қызметіне тән немесе негізгі қаржы-шаруашылық қызметке байланысты тәуекелдер, оның ішінде мыналарға байланысты тәуекелдер сипатталады:*

Эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге не айналымда болуы шектелген объектілерді (табиғи ресурстарды қоса алғанда) пайдалануға арналған лицензиясының қолданылуын ұзарту мүмкіндігінің болмауына байланысты тәуекелдер):

Эмитенттің негізгі қызмет түрі лицензиялауды талап етпейді. Бұл ретте мұндай тәуекелдердің туындау ықтималдығы болашақта барынша аз болады, өйткені, қазақстандық заңнама лицензиялауды талап ететін қызмет түрлерін азайту және шектеу жолымен жүріп жатыр. Эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау бойынша талаптар өзгерген және/немесе қойылған жағдайда Эмитент тиісті лицензиялар мен рұқсаттарды алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Эмитентке өзінде осындай құқықтардың болмауына байланысты айналымда болуы шектелген объектілерді (оның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалану құқықтарын лицензиялау жөніндегі талаптардың өзгеруіне байланысты тәуекелдер тән емес.

Эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде Эмитенттің еншілес ұйымдарының борыштары бойынша ықтимал жауаптылығына байланысты тәуекелдер:

Осы Проспектіні жасау күніне Эмитент үшінші тұлғалардың борыштары бойынша жауапты болмайды. Эмитенттің пікірінше, мұндай жауаптылықтың туындау мүмкіндігі барынша аз, өйткені, Эмитенттің еншілес компаниялары жоқ, оларды жақын болашақта құруды жоспарламайды және үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша міндеттемелерді қабылдауды жоспарламайды. Эмитент осы тәуекелдерді болмашы деп бағалайды.

Айналымына Эмитенттің өнімін (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) сатудан түскен жалпы түсімнің кемінде 10 (он) пайызы тиесілі болатын тұтынушыларды жоғалту мүмкіндігіне байланысты тәуекелдер:

Эмитенттің лизингтік портфелі үлесіне лизинг қызметтерін көрсетуден түскен жалпы түсімнің кемінде 10%-ы тиесілі болатын лизинг алушыларды қамтымайды. Айналымына өнімді (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен жалпы түсімнің кемінде 10 пайызы тиесілі болатын тұтынушыларды жоғалту мүмкіндігіне байланысты тәуекелдерді Эмитенттің басқару органдары болмашы деп бағалайды.

- 7) *Елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістердің салдарынан шетелдік контрагенттердің (заңды, жеке тұлғалардың) міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде, сондай-ақ ақша міндеттемесінің валютасы контрагенттің резиденттік елі заңнамасының ерекшеліктерінен (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) оған қолжетімсіз болуы мүмкін екені салдарынан Эмитентте залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

Елдік тәуекел

Эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады, онда көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың абсолютті көпшілігі шоғырланған, бұл елдік тәуекелдің жоғары деңгейіне алып келеді. Басқаша айтқанда, Қазақстанның жалпы экономикалық жағдайындағы айтарлықтай құлдырау Эмитенттің клиенттеріне едәуір теріс әсер етуі мүмкін. Клиенттік базаны елдік және өңірлік әртараптандырудың болмауы Эмитенттің бизнесіне, қаржылық жағдайына, қызметінің нәтижелері мен даму перспективаларына елеулі теріс әсер етуі мүмкін. Бұл тәуекел елеулі деп бағаланады.

- 8) *Операциялық тәуекел – Эмитенттің жұмыскерлері тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше жұмыс істемеуі нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі сипатталады:*

Операциялық тәуекел

Берілген саясатқа сәйкес тәуекелдерді басқару қабілетсіздігі Эмитенттің бизнесіне, қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне елеулі жағымсыз әсер етуі мүмкін. Эмитент өз қызметінде жүргізілетін операциялардың барлық бизнес-процестердің регламенті сипатталған ішкі құжаттарға толық сәйкестігі қағидатын қатаң ұстанады. Эмитенттің бір-бірінен тәуелсіз бөлімшелері жүзеге асыратын бизнес-процестердің әртүрлі кезеңдерінде бақылау рәсімдері әзірленіп, қолданылады. Бұл тәуекел болмашы деп бағаланады.

36. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

- 1) Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, Эмитенттің осы ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары мен қатысу мерзімі көрсетіледі:

Эмитент «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ және Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының мүшесі болып табылады;

- 2) Эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтардың, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге мүшелеріне елеулі түрде тәуелді болған жағдайда, осындай тәуелділіктің сипатын егжей-тегжейлі баяндау келтіріледі.

Эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтардың, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге мүшелеріне тәуелді емес.

37. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, әрбір осындай заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) Толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған кезде), орналасқан жері;
- 2) Заңды тұлғаны Эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері;
- 3) Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің мөлшері, ал еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға

Handwritten signatures and initials in blue ink.

акционерлік қоғам болып табылатын жағдайда – осындай акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының Эмитентке тиесілі үлесі.

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

38. Әрбір осындай ұйым бойынша мыналарды көрсете отырып, Эмитент жарғылық капиталдың он және одан көп пайызын иеленетін ұйымдар туралы мәліметтер (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда):

толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған кезде), орналасқан жері;

Эмитенттің жарғылық капиталдағы үлесі, ал мұндай ұйым акционерлік қоғам болып табылатын жағдайда – осындай акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының Эмитентке тиесілі үлесі.

Эмитент қандай да бір ұйымның акционері немесе қатысушысы болып табылмайды.

39. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

1) Эмитентке және (немесе) Эмитенттің бағалы қағаздарына кредиттік рейтинг (рейтингтер) берілген жағдайда – соңғы аяқталған есепті үш жылда Эмитентке берілген кредиттік рейтингтердің әрқайсысы бойынша, ал егер Эмитент өз қызметін 3 (үш) жылдан кем жүзеге асырса, әрбір аяқталған есепті жыл үшін мыналар көрсетіледі:

кредиттік рейтингті беру объектісі (Эмитент, Эмитенттің бағалы қағаздары);

облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күнінің алдындағы күнге кредиттік рейтингтің мәні;

кредиттік рейтингтің мәні мен кредиттік рейтингтің мәнін беру (өзгерту) күнін көрсете отырып, облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күнінің алдындағы соңғы аяқталған 3 (үш) есепті жыл үшін, ал егер Эмитент өз қызметін 3 (үш) жылдан кем жүзеге асырса – облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күнінің алдындағы әрбір аяқталған есепті жыл үшін кредиттік рейтинг мәндерінің өзгеру тарихы;

кредиттік рейтингті берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

Эмитент өз қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер:

2018 жылғы 29 қазанда Fitch Ratings рейтинг агенттігі (Fitch Ratings Limited, 30 North Colonnade, London E14 5GN, тел. +44 20 3530 1788) Эмитентке алғаш рет «B-» (болжам «тұрақты») рейтингін берді.

Рейтингтік әрекеттер төменде келтірілген:

- Ұзақ мерзімді ЭДР «B-» деңгейінде берілді (болжам «Тұрақты»);
- Қысқа мерзімді ЭДР «B» деңгейінде берілді;
- Ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді ЭДР «B-» деңгейінде берілді (болжам «Тұрақты»);
- Ұлттық рейтинг «B+(kaz)» деңгейінде берілді (болжам «Тұрақты»).

2019 жылғы 23 қазанда Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ТехноЛизинг» ЖШС рейтингін «B-» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».

2020 жылғы 14 тамызда Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ТехноЛизинг» ЖШС рейтингін «B-» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».

2021 жылғы 30 шілдеде Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ТехноЛизинг» ЖШС рейтингін «B-» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».

2) Эмитенттің бағалы қағаздары кредиттік рейтинг берілген объект болып табылған жағдайда, халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) және оның берілген күні, сондай-ақ кредиттік рейтингті берген рейтинг агенттігінің атауы қосымша көрсетіледі:

2019 жылғы 06 желтоқсанда Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолтының рейтингімен («ЭДР») бір деңгейде қамтамасыз етілмеген облигациялардың бірінші шығарылымына (ISIN – KZ2P00006299) «B-» рейтингін берді.

2021 жылғы 09 сәуірде Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолтының рейтингімен («ЭДР») бір деңгейде қамтамасыз етілмеген облигациялардың үшінші шығарылымына (ISIN – KZ2P00007354) «B-» рейтингін берді.

2021 жылғы 01 шілдеде Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолтының рейтингімен («ЭДР») бір деңгейде қамтамасыз етілмеген облигациялардың төртінші шығарылымына (ISIN – KZ2P00007362) «B-» рейтингін берді.

40. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

- 1) Облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;
- 2) Облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;
- 3) Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шартының күні мен нөмірі.

Облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

41. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (болған кезде):

- 1) Төлем агентінің толық атауы: «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ;
- 2) Бағалы қағаздар бойынша кірісті (облигациялардың номиналды құнын) төлеуді жүзеге асыратын төлем агенті мен оның барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;

Орналасқан жері: 050040, Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30/8, 163-тұрғын емес үй жай.

Байланыс телефондарының нөмірлері: Алматы қаласында: +7 (727) 262 08 46, 355 47 60; Нұр-Сұлтан қаласында: +7 (717) 269 70 40.

Төлем агентінің деректемелері:

Бенефициардың атауы "БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ

ЖСК	KZ267660000600860100
Бенефициар банкінің атауы	"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ" АҚ
Бенефициар банкінің БСК-сі	CEDUKZKAXXX
БСН	970740000154
Кбе	15

3) Төлем агентімен жасалған шарттың күні мен нөмірі: «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ға 2021 жылғы 1 қазандағы шығыс № 12-10/11725 хабарлама.

42. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың сонда болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):

1) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың сонда болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы Эмитенттің облигацияларды шығару бойынша қаржылық консультанты және андеррайтері болып табылады. «Фридом Финанс» АҚ-ның ҚР Ұлттық Банкі бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген 2018 жылғы 2 қазандағы № 3.2.238/15 Лицензиясы бар.

2) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың сонда болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Esentai Tower» БО, 3 және 7-қабаттар; тел. +7 (727) 311 10 64;

3) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың сонда болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен Эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі:

2021 жылғы 18 қазандағы №ФФ-18102021 қаржылық және консультациялық қызметтерді, оның ішінде андеррайтинг қызметтерін көрсету туралы шарт.

Эмитенттің өзге консультанттары туралы мәліметтер, егер, Эмитенттің пікірінше, мұндай мәліметтерді ашу Эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін елеулі болып табылса, осы тармақта көрсетіледі.

43. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

1) Соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін Эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиесілілігін көрсете отырып, олардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде):

Эмитенттің 2018 және 2019 жылдардағы қаржылық есептілігінің аудитін «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан) жүзеге асырды (Қазақстан Республикасының сертификатталған аудиторы – А.А. Урдабаева, 2012 жылғы

27 тамыздағы № МФ-0000096 аудитордың біліктілік куәлігі). 2006 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі берген № 0000021 аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия. «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының мүшесі болып табылады;

2) Телефон және факс нөмірлері, электрондық поштаның мекенжайы (болған кезде):

Тел.: +7 (727) 298-08-98, электрондық пошта: company@kpmg.kz

44. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі және «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын Эмитенттің үлестес тұлғалары:

1) Жеке тұлға үшін – Эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

2) Заңды тұлға үшін – Эмитенттің үлестес тұлғасы бірінші басшысының толық атауы, орналасқан жері және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық құқықтық нысанында құрылған жағдайда, қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он немесе одан көп пайызын иеленетін оның қатысушылары туралы мәліметтер қосымша көрсетіледі:

жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

заңды тұлға үшін – толық атауы, орналасқан жері;

3) Оларды Эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызу үшін негіз және Эмитентпен үлестестік пайда болған күн.

Эмитент осы заңды тұлға акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлесінің он немесе одан көп пайызын иеленетін заңды тұлға болып табылатын Эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша мыналар көрсетіледі:

Эмитент акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлесінің он немесе одан көп пайызын иеленетін заңды тұлғаның бірінші басшысының толық атауы, орналасқан жері және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

Эмитентке тиесілі акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің осы заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;

Эмитент осы заңды тұлға акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлесінің он немесе одан көп пайызын иеленетін заңды тұлғаның негізгі қызмет түрлері;

Эмитент осы заңды тұлға акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлесінің он немесе одан көп пайызын иелене бастаған күн;

заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық құқықтық нысанында құрылған жағдайда, қатысу үлесі көрсетіле отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он немесе одан көп пайызын иеленетін оның өзге де қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

заңды тұлға үшін – толық атауы, орналасқан жері.

Облигациялар шығарылған кезде арнайы қаржы компаниясы үлестестікті тану үшін негізді және оның туындаған күнін көрсете отырып, секьюритилендіру мәмілесі тараптарының үлестестігі туралы ақпаратты ашады.

Р/с №	Т.А.Ә.	Қатысу үлесі (құрылтайшылар үшін)	Үлестестікті тану үшін негіздер	Үлестестіктің пайда болу күні	Ескерту
1	Жанар Амангелдіқызы Ниязбекова	100%	ЖШС туралы Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы	09.08.2010	«ТехноЛизинг» ЖШС-ның Құрылтайшысы/Директоры
2	Әділбек Қалибекұлы Алдабергенов	-	ЖШС туралы Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	28.06.2016	Құрылтайшының жұбайы
3	Бағдаш Сүйінжанқызы Ниязбекова	-	ЖШС туралы Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	09.08.2010	Құрылтайшының ата-анасы
4	Арсен Амангелдіұлы Ниязбеков	-	ЖШС туралы Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	09.08.2010	Құрылтайшының ағасы
5	Батыр Әділбекұлы Қалибек	-	ЖШС туралы Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы	04.12.2019	Құрылтайшының ұлы

45. Эмитенттің облигациялар шығаруға және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындар ақысының қалай төленетіні туралы мәліметтер:

Эмитент шығындарының атауы	Есептеу базасы
Қор биржасының алдын ала алымы	100-еселенген АЕК мөлшері
Облигацияларды Қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарағаны үшін Қор биржасының листингтік алымы	Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,015%-ы (100 еселенген АЕК мөлшерінен кем емес, 500 еселенген АЕК мөлшерінен артық емес)
Қор биржасының кіру листингтік алымы	Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,015%-ы (100 еселенген АЕК мөлшерінен кем емес, 1500 еселенген АЕК мөлшерінен артық емес)
Қор биржасының жыл сайынғы листингтік алымы	Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,025%-ы (100 еселенген АЕК мөлшерінен кем емес, 2000 еселенген АЕК мөлшерінен артық емес)

Handwritten signatures and initials in blue ink.

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның көрсетілетін қызметтері	Тарифтерге сәйкес
Қаржылық консультанттың көрсетілетін қызметтері	Шартқа сәйкес

Шығыстар көрсетілетін қызметтерді берушілердің шоттарына акша аудару арқылы Эмитенттің меншікті қаражаты есебінен төленетін болады.

Директор



Ж.А. Ниязбекова

Handwritten signatures in blue ink.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің бөлімі (млн теңге)

	2021 жылғы 3-жарты-жылдық	2021 жылғы 4-жарты-жылдық	2022 жылғы 1-жарты-жылдық	2022 жылғы 2-жарты-жылдық	2022 жылғы 3-жарты-жылдық	2022 жылғы 4-жарты-жылдық	2023 жылғы 1-жарты-жылдық	2023 жылғы 2-жарты-жылдық	2023 жылғы 3-жарты-жылдық	2023 жылғы 4-жарты-жылдық
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы										
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	623 082	2 240 184	388 799	502 688	516 467	2 961 010	488 545	565 855	589 704	3 750 600
Лизинг шарттары бойынша сыйақының түсімі	275 678	2 131 970	294 049	426 688	427 967	2 912 760	395 945	485 630	495 729	3 700 900
қолданыстағы жобалар	107 730	1 589 212	47 242	122 593	63 380	1 101 625	16 297	58 933	26 160	649 368
жаңа АШ жобалары	0	170 647	0	0	0	894 795	0	0	0	2 064 993
жаңа ЖКТ жобалары	2 947	36 766	55 538	95 876	139 288	158 147	176 226	251 378	317 938	337 776
облигациялар (1, 2, 3, 4-шығарылым)	165 000	335 345	186 669	168 796	155 522	444 516	135 754	114 460	97 502	342 774
облигациялар (5 және 6-шығарылым)	0	0	4 600	39 423	69 777	313 678	67 668	60 859	54 050	305 991
Өзге де түсімдер	347 404	108 214	94 750	76 000	88 500	48 250	92 600	80 225	93 975	49 700
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	483 514	1 135 982	578 087	682 168	638 311	1 210 894	661 766	883 095	861 880	1 416 319
операциялық шығыстар	187 673	198 464	251 206	186 704	167 963	149 502	169 266	172 414	152 736	156 977
қарыздар бойынша сыйақыны төлеу	295 842	937 518	326 881	495 464	470 348	1 061 392	492 501	710 681	709 144	1 259 342
қазіргі қарыздар	161 647	580 083	150 696	140 667	127 021	392 924	113 015	103 910	91 177	234 863
облигациялар (1, 2, 3, 4-шығарылым)	123 750	305 000	123 750	263 750	123 750	263 750	123 750	263 750	123 750	263 750
облигациялар (5 және 6-шығарылым)	0	0	0	41 250	89 375	123 750	123 750	123 750	123 750	123 750
жаңа қарыздар	10 445	52 435	52 435	49 797	130 202	280 968	131 985	219 271	370 467	636 979
өзге де төлемдер	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	139 568	1 104 202	-189 287	-179 480	-121 844	1 750 116	-173 221	-317 240	-272 176	2 334 282
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы										
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	2 093 337	6 699 656	2 115 858	2 053 890	2 380 893	7 340 096	2 378 020	2 294 591	2 594 554	8 773 145
Лизинг шарттары бойынша НБ-ны өтеу	2 093 337	6 699 656	2 115 858	2 053 890	2 380 893	7 340 096	2 378 020	2 294 591	2 594 554	8 773 145
қолданыстағы жобалар	511 381	4 724 705	411 531	377 451	317 373	3 454 255	160 324	152 038	-25 202	2 793 558
жаңа АШ жобалары	465 000	897 600	380 000	160 000	660 000	1 862 600	759 000	401 500	836 000	3 621 500
жаңа ЖКТ жобалары	246 752	345 850	407 632	593 947	550 395	484 408	972 539	1 274 316	1 170 829	902 342
облигациялар (1, 2, 3, 4-шығарылым)	870 204	731 501	480 380	501 702	607 467	1 045 413	367 735	348 316	494 506	962 324
облигациялар (5 және 6-шығарылым)	0	0	436 316	420 789	245 658	493 421	118 421	118 421	118 421	493 421

Handwritten signatures and initials in blue ink.

	2021 жылғы		2021 жылғы		2022 жылғы		2022 жылғы		2022 жылғы		2023 жылғы		2023 жылғы	
	3-жарты-жылдық	4-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	3-жарты-жылдық	4-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	3-жарты-жылдық	4-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	3-жарты-жылдық	4-жарты-жылдық
2. Ақша қаражатының шығысы, барлығы	6 719 170	4 324 935	5 352 100	4 227 100	5 477 100	1 452 100	5 887 205	4 649 705	6 024 705	1 597 205	5 887 205	4 649 705	6 024 705	1 597 205
Лизинг нысаналары үшін ақы төлеу	6 717 170	4 322 935	5 350 000	4 225 000	5 475 000	1 450 000	5 885 000	4 647 500	6 022 500	1 595 000	5 885 000	4 647 500	6 022 500	1 595 000
оның ішінде өнім берушілерге ақы төлеу (облигациялар - 1, 2, 3, 4-шығарылым)	1 866 071	0	600 000	600 000	700 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0
оның ішінде өнім берушілерге ақы төлеу (облигациялар - 5 және 6-шығарылым)	0	0	1 850 000	1 425 000	475 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0
НҚ мен МЕА сатып алу	2 000	2 000	2 100	2 100	2 100	2 100	2 205	2 205	2 205	2 205	2 205	2 205	2 205	2 205
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	-4 635 832	2 374 721	-3 236 242	-2 173 210	-3 096 207	5 887 996	-3 509 185	-2 355 114	-3 430 151	7 175 940				
III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы														
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	1 695 000	0	3 520 000	1 900 000	3 660 000	825 000	1 000 000	3 400 000	4 200 000	3 600 000	1 000 000	3 400 000	4 200 000	3 600 000
Қарыздарды алу	1 695 000	0	3 520 000	1 900 000	3 660 000	825 000	1 000 000	3 400 000	4 200 000	3 600 000	1 000 000	3 400 000	4 200 000	3 600 000
Жаңа қарыздар	1 695 000	0	1 520 000	1 400 000	3 160 000	825 000	1 000 000	3 400 000	4 200 000	3 600 000	1 000 000	3 400 000	4 200 000	3 600 000
Облигациялар	0	0	2 000 000	500 000	500 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	104 837	2 857 554	318 286	509 863	337 827	4 407 702	328 139	686 584	651 623	9 999 165	328 139	686 584	651 623	9 999 165
Қарыздарды өтеу	104 837	2 857 554	318 286	509 863	337 827	4 407 702	328 139	666 584	651 623	9 999 165	328 139	666 584	651 623	9 999 165
Қазіргі қарыздар	104 837	2 357 554	255 571	509 863	111 713	2 137 702	195 425	426 584	59 509	1 854 165	195 425	426 584	59 509	1 854 165
облигациялар (1, 2, 3, 4-шығарылым)	0	500 000	0	0	0	0	0	0	0	2 000 000	0	0	0	2 000 000
облигациялар (5 және 6-шығарылым)	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жаңа қарыздар	0	0	62 714	0	226 114	2 270 000	132 714	240 000	592 114	6 145 000	132 714	240 000	592 114	6 145 000
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	1 590 163	-2 857 554	3 201 714	1 390 137	3 322 173	-3 582 702	671 861	2 733 416	3 548 377	-6 399 165	671 861	2 733 416	3 548 377	-6 399 165

Ақша қаражатының ұлғаюы / азайы	-2 896 101	621 369	-223 815	-962 553	104 122	4 055 411	-3 010 545	61 062	-153 950	3 111 057				
Кезеңнің басындағы қалдық	4 918 004	2 021 903	2 643 272	2 419 457	1 456 904	1 561 026	5 616 437	2 605 892	2 666 954	2 513 004				
Кезеңнің соңындағы қалдық	2 021 903	2 643 272	2 419 457	1 456 904	1 561 026	5 616 437	2 605 892	2 666 954	2 513 004	5 624 060				

Handwritten signatures and notes on the right margin.

	2024 жылы 1-жарты-жылдык	2024 жылы 2-жарты-жылдык	2024 жылы 3-жарты-жылдык	2024 жылы 4-жарты-жылдык	2025 жылы 1-жарты-жылдык	2025 жылы 2-жарты-жылдык	2025 жылы 3-жарты-жылдык	2025 жылы 4-жарты-жылдык	2026 жылы 1-жарты-жылдык	2026 жылы 2-жарты-жылдык	2026 жылы 3-жарты-жылдык	2026 жылы 4-жарты-жылдык
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы												
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	542 491	581 096	615 814	4 539 996	557 683	585 374	640 830	5 321 673	606 778	639 342	701 163	6 038 025
Лизинг шарттары бойынша сыйақының түсімдері	444 006	496 224	515 817	4 488 701	452 724	495 389	534 208	5 268 623	494 699	543 734	587 253	5 983 095
қолданыстағы жобалар	4 926	16 768	5 218	281 008	0	11	0	74 338	118	87	0	3 208
жаңа АИШ жобалары	0	0	0	3 404 916	0	0	0	4 525 052	0	0	0	5 403 420
жаңа ЖКТ жобалары	337 223	399 451	452 250	453 728	434 534	486 752	531 469	523 775	494 581	543 647	587 253	576 468
облигациялар (1, 2, 3, 4-шығарылым)	61 426	46 382	31 536	156 544	4 995	2 118	883	59 108	0	0	0	0
облигациялар (5 және 6-шығарылым)	40 432	33 622	26 813	192 504	13 195	6 507	1 856	86 351	0	0	0	0
Өзге де түсімдер	98 485	84 873	99 998	51 295	104 959	89 985	106 622	53 049	112 079	95 608	113 909	54 979
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	882 102	997 838	1 095 701	1 358 010	964 063	1 162 538	1 240 705	1 455 569	1 057 179	1 161 843	1 330 841	1 519 756
операциялық шығыстар	177 729	181 035	160 373	1 64 826	186 616	190 086	168 392	173 067	195 946	199 591	176 811	181 720
қарыздар бойынша сыйақыны төлеу қазіргі қарыздар	704 373	816 803	935 328	1 193 184	777 447	972 451	1 072 313	1 282 502	861 233	962 252	1 154 029	1 338 036
облигациялар (1, 2, 3, 4-шығарылым)	81 727	74 733	63 059	100 321	53 783	46 706	35 442	26 987	12 284	11 471	10 023	9 211
облигациялар (5 және 6-шығарылым)	123 750	123 750	123 750	123 750	123 750	123 750	0	0	0	0	0	0
жаңа қарыздар	123 750	82 500	41 250	41 250	41 250	41 250	41 250	41 250	34 375	0	0	0
өзге де төлемдер	375 145	555 820	707 269	927 863	558 664	760 745	995 621	1 214 265	814 574	950 780	1 144 006	1 328 825
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі, барлығы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі, барлығы	-339 610	-416 742	-479 887	3 181 986	-406 380	-577 164	-599 875	3 866 104	-450 401	-522 501	-629 678	4 518 319
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы												
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	2 680 751	2 611 375	2 936 842	9 331 397	2 938 994	2 713 184	2 990 647	10 378 739	3 220 418	3 070 235	3 363 165	11 227 227
Лизинг шарттары бойынша НБ-ны өтеу	2 680 751	2 611 375	2 936 842	9 331 397	2 938 994	2 713 184	2 990 647	10 378 739	3 220 418	3 070 235	3 363 165	11 227 227
қолданыстағы жобалар	-122 788	-20 995	-201 752	1 288 866	-67 353	300	0	471 148	1 137	740	0	35 152
жаңа АИШ жобалары	834 900	441 650	919 600	5 556 290	918 390	485 815	1 011 560	7 684 559	1 010 229	534 397	1 112 716	9 420 055
жаңа ЖКТ жобалары	1 439 287	1 771 241	1 657 405	1 341 385	1 863 498	2 191 806	1 992 902	1 598 954	2 209 052	2 535 098	2 250 449	1 772 021
облигациялар (1, 2, 3, 4-шығарылым)	410 931	301 058	443 167	651 435	106 037	25 789	12 895	268 814	0	0	0	0

	118 411	118 411	118 411	118 411	491 421	118 421	9 474	-26 711	355 263	0	0	0	0	0
	2024 жылғы 1-жарты-жылдық	2024 жылғы 2-жарты-жылдық	2024 жылғы 3-жарты-жылдық	2024 жылғы 4-жарты-жылдық	2024 жылғы 1-жарты-жылдық	2025 жылғы 1-жарты-жылдық	2025 жылғы 2-жарты-жылдық	2025 жылғы 3-жарты-жылдық	2025 жылғы 4-жарты-жылдық	2026 жылғы 1-жарты-жылдық	2026 жылғы 2-жарты-жылдық	2026 жылғы 3-жарты-жылдық	2026 жылғы 4-жарты-жылдық	0
2. Актив қаражатының шығуы, барлығы	6 475 815	5 114 565	6 627 065	1 756 815	7 123 281	5 625 906	7 289 656	1 932 380	7 835 488	6 188 375	8 018 500	2 125 497	0	0
